

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 149 (9211) | 1953 жылғы 28 июль Сейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Идеологиялық жұмыс партияның ең бірінші дәрежелі міндеті болып табылады, бұл жұмысты жете бағаламау партия мен мемлекет мүдделеріне ойсыраған зыян келтіруі мүмкін. Социалистік идеологияның ықпалын қандай да болса бәсеңсіту буржуазиялық идеологияның ықпалын күшейту деген сөз екенін біз әрқашан есте ұстауымыз керек.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

Егіншілерді мәдениетті қамтыйтын болайық

Жақында облысымыздың барлық колхоздары мен совхоздарында егін орағы басталады. Көзір облыс егіншілері бұл науқанға қызу дайындалуда. Бұл күндері егіншілердің көзден отырған мақсаты—бітік өсірілген егінді ысырапқа ұшыратпай, деркесінде жыйнап алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын толық орындап шығу. Бұл заңды да.

Егін жыйнау кезінде мәдени-ағарту мекемелеріне зор міндеттер жүктеледі. Олар бүкіл егіншілерді барлық жағынан мәдениетті қамтып, өздерінің жұмысын совет адамдарының өскелең талаптарына сай жүргізе білулері керек. Облыста көпшілік жұмысын жүргізуде бай тәжірибеге ие болып келе жатқан мәдени-ағарту мекемелері аз емес. Мәселен, көктемгі егіс кезінде Приешім ауданындағы Ново-Михайловка, Надеждинск селоларының, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының, Совет ауданындағы «Северный берег» колхозының, Преснов ауданындағы «Жизнь» колхозының мәдени-ағарту мекемелері егіншілер арасында лекциялар оқуды, баяндамалар жасауды, әңгімелер өткізуді, дауыстап газет оқуды ұйымдастырумен бірге олар егіншілерге кинофильмдер көрсетіп, жастардың күшімен ойын-сауықтар қойып отырды.

Егіншілерді мәдениетті қамтуда облыс, аудан орталықтарынан ұйымдастырылған мәдени-үгіт бригадалары зор роль атқаратындығы іс жүзінде көрініп отыр. Көктемгі егіс кезінде бұл бригадалар көптеген колхоздарда болып, трактор және дала бригадаларында қабырға-газеттерін, жауынгерлік листоктар шығаруға көмектесті, лекциялар, баяндамалар, әңгімелер өткізді, концерттер беруді ұйымдастырды. Преснов ауданында мәдениет үйі жанынан ұйымдастырылған мәдени-үгіт бригадасы 15-ке жуық колхозда болды.

Мәдени-үгіт бригадалары, көркемөнер коллективтері егіншілерді мәдениетті қамту арқылы оларды көктемгі егісті қы-

Ең алдымен егіншілердің жұмыстан бос уақыттарында демалатын орны — мәдениет қостарын жақсы жабдықтау, оларды ұрандармен, плакаттармен, диаграммалармен безендіру қажет. Сондай-ақ мәдениет қостарында көрсеткіш тақталарын ұйымдастыру керек. Мәдени-ағарту мекемелері өздерінің жұмысын тікелей бригадаларда жүргізуге тиіс. Демек, бригадалар, дала қостары, трактор отрядтары мен комбайн агрегаттары егін жыйнау кезіндегі мәдени-ағарту жұмыстарының орталығына айналдырылуы қажет. Бұларға газет, журналдардың деркесінде жеткізіліп, жылжымалы кітапханалардың, кинолардың, концерт бригадаларының жиі-жиі келіп тұруын қамтамасыз ету керек.

Бұл сияқты саяси маңызы зор жұмыстан қаладағы мәдени-ағарту мекемелері де тыс қалмауға тиіс. Олар мәдени-үгіт бригадасын, мәдениет құралдары мен әдебиеттер жиі етіп отыру арқылы егін жыйнау, астық тапсыру жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде колхоздар мен МТС, совхоздарға өз тараптарынан көмек көрсетуге міндетті.

Алайда, ауыл-село егіншілерін мәдениетті қамтуда кейбір мәдени-ағарту мекемелерінің, әсіресе, облыстық концерт эстрада бюросының жұмысы мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Эстрада бюросы коллективінің творчестволық жағынан өсуі де нашар.

Сол сияқты, колхозшылардың мәдени тілегін өтей алмай отырған ауыл селолық клубтар, оқу үйлері мен кітапханалар, киноландыру орындары жоқ деуге болмайды. Совет ауданындағы «Красный полтавец», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарының клубы, Конохов ауданындағы Колосов және Суворов селолық оқу үйлері сияқты кейбір мәдени-ағарту мекемелері колхозшылардың мәдени тілегіне сай жұмыс істей алмай отыр.

Мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыс-

Қоғамдық мал үшін жемшөптің біржарым жылдық қорын жасайық!

★
Облыс колхоздары мен совхоздарында жемшөп дайындау және шөп сүрлеудің барысы туралы

1953 жылғы 25 июльге дейінгі мәлімет

жоспардың орындалу проценти

| Аудандар | шабылған жер көлемі | дайындалған пішен | сүрленген жемшөп |
|-----------|---------------------|-------------------|------------------|
| Булаев | 74,3 | 26,6 | 37,8 |
| Приешім | 67,1 | 29,7 | 2,6 |
| Ленин | 65,1 | 32,8 | 13,5 |
| Конохов | 63,8 | 24,6 | 42,4 |
| Петропавл | 63,4 | 29,2 | 24,2 |
| Совет | 63,2 | 25,2 | 15,8 |
| Полудень | 60,4 | 23,9 | 36,5 |
| Сokolov | 54,4 | 22,9 | 49,6 |
| Мамлют | 53,8 | 26,2 | 9,8 |
| Октябрь | 52,0 | 31,6 | 2,5 |
| Преснов | 51,9 | 29,0 | 13,4 |

| | | | |
|---------------------------|------|------|------|
| Колхоздар бойынша барлығы | 59,2 | 28,0 | 19,5 |
| Совхоздар бойынша барлығы | 75,3 | 33,8 | 14,3 |

ЖАСТАРДЫҢ ҮЛГІСІМЕН

Совет ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың комсомолец-жастары қоғамдық малдарға жемшөп қорын дайындауда колхозшыларға еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Көзір барлығы 22 комсомолец жемшөп дайындауда жұмыс істеп жүр. Әсіресе, комсомолдер С. Баймұқанов, В. Қожин, Хамзина жолдастар күндіз жұмыс тапсырмаларын артығымен орындайды.

Комсомолдердің іс-үлгісімен колхоз-

★
Қоғамдық мал қамын ойламаған жерде

«Пазма», «Тигант», «Смычка» колхоздары — Октябрь ауданындағы мал шаруашылығы басым колхоздар болып саналады. Жемшөптің жеткілікті дайындалмауы салдарынан бұларда қоғамдық мал шаруашылығы өте баяу өркендеуде. Мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру жөнінде тағайындалған жоспар жылма-жыл орындалмай келеді.

Бұл колхоздарда өткен жылы жағдай дәл осындай болды. Жемшөп дайындау жұмыстары дұрыс ұйымдастырылмады. Шөп шабу өте ұзаққа созылды. Бұл жемшөптің әрі аз, әрі сапасыз дайындалуына әкеліп соқты. Қысты күні малға шөп жетіспеді, мал шығынына жол берілді, ол қыстан төмен күймен шықты. Мұның өзі көзіргі уақытта мал басын өсірудің үстіміздегі жылғы жоспарын орындауға үлкен кедергі келтіруде.

Аталған колхоздардың басшылары өткен жылдардағы кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, жемшөп өндіру жұмыстарын тыңғылықты ұйымдастырып отыр ма? Жоқ. Жемшөп дайындау оларда өткен жылдардағыдай, быыл да баяу жүргізіліп отыр. Бұларда қоғамдық малды қыстық жемшөптен жеткілікті қамтамасыз ету үшін 115 мың 440 центнердей пішен дайындалуға тиіс. Жемшөп дайындау жоспарының орындалуы өте қанағаттанғысыз. Көзір бұлардың әрқайсысында жемшөп дайындау жоспарының небары үштен біріндегі ғана орындалды.

Мал азығының мұншамақты аз дайындауының себебі неде? Бұл колхоздарда шабындық жерлер кем бе, әлде шөп шабуға күш-мүмкіншілік жетіспей ме? Жоқ, олай емес. Шабындықтар да, күш-мүмкіншіліктер де жеткілікті. Олай болса

жемшөп өндірудің ойсыраған оқшылыққа ұшырауының ең негізгі себебі — жемшөп дайындауда еңбек ұйымдастыру ісінің дұрыс жолға қойылмауында, қолда бар күш-мүмкіншіліктердің нашар пайдаланылуында. Мұнда науқан басталғалы шөп машиналары жұмысты өнімсіз істейді. Оның үстіне шабылған аз-мұз шөпті жыйнау, маялау жұмыстары ойдағыдай ұйымдастырылмаған. Әсіресе, шөп жыйнау мен маялауға колхозшылар жеткілікті бөлінбеген. Соның салдарынан шөп шабу мен маялаудың арасында үлкен алшақтыққа жол беріліп отыр.

Аталған колхоздардың председателдері Сенкин, Олейник, Байнар жолдастар мал азығын дайындауға нашар басшылық жасайды. Олар қолда бар күш-мүмкіншіліктерді тиімді пайдаланып, жемшөп дайындау жоспарын толық орындауды тигіті ойламайды. Жемшөп дайындауға осындай жеңіл-желпі қараудың салдарынан бұл колхоздарда ат шөп машиналары іске мүлде пайдаланылмай келеді.

Пішеншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмысы мүлде жүргізілмейді. Қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығарылмайды, көрсеткіш тақталары мезгілімен толтырылмайды. Міне, бұл жемшөп дайындауда еңбек өнімділігін арттыру ісіне едәуір дәрежеде нұқсан келтіріп отыр.

Жемшөп дайындаудың ең қолайлы мерзімі етіп барады. Ал, «Пазма», «Тигант», «Смычка» колхоздарында жемшөп өндіру жоспарының әлі күнге үштен бірі де орындалған жоқ. Сонда бұл колхоздар қысты күні малды немен асырайды?

МАРЬЕВНА. А. ЖОЛДЫҒАРИН. (6з тілшіміз).

Теміржолшылар күні қарсаңында

Табысты сапар

Петропавл паровоз депосының июль айындағы жұмыс қорытындысы талқыланған жыйналыста болып, үйіне келгеннен кейін де Михаил Семеновичтің көңілі көтеріңкі болды.

Сен білесің бе?, — деді Михаил Семенович өзінің әйеліне, — біздің паровозшылар коллективі июль айының өндірістік тапсырмасын июль айында да баянды етіп, ауыр жүк тиелген поездарды көп жөнелтуге, ал, теміржолшылар күніне жол бойынша бірінші орынды жеңіп алуға міндеттенді. Әрине, біздің бригада да ауыр жүк тиелген поездарды тек график бойынша ғана алып жүруге міндеттенді.

— Нәсі бар Миша, мен сенің табысты болуыңа тілектеспін, — деді әйелі.

— Міне, мұның ұнамды. Ертеңгі күннен бастап жаңа айдың бетін ашамын және бірінші сапардан бастап уәдемді іспен бекітемін.

Петропавл мен Макушино арасындағы сапар жақсы аяқталды. Жоспардан тыс 300 тонна жүк тиелген поезд Макушиноға ойдағыдай жеткізілді.

— Июль айының бет есебін жазаман ашқамыз жоқ, — деді машинист өз бригадасының мүшелеріне.

— Жақсы басталған іс жақсы аяқталуға тиіс, — деді Македон жолдас. Ол Михаил Семенович Швидконың көмекшісі болып істейді.

— Бірақ сен мараптың кетпегейсің, — деді Швидко әзілдеп.

Паровоз депо кезекшісіне берілгеннен кейін машинист Швидко жолдас өзінің көмекшісі Македон, қотарғы Козмерчук жолдастармен бірге паровозшылардың тынығатын үйіне қарай беттеді.

— Жігіттер, сендер бара беріңдер, мен станция кезекшісіне кіріп шығып, қандай поезд болатынын және қайда баратынымызды біліп келейін, — деді Швидко өзінің бригадасына.

3 сағаттан соң кейін оралу сапары белгіленді. Станцияда жол құрылысына керекті материал тиелген поезд өзір тұрды. Ол Петропавлга жөнелтіледі. Салмағы әдеттегідей. Бірақ, бұған машинист қуана қойған жоқ. (Ол диспетчерден ауыр жүк тиелген поезд сұрады.

бен үкметіміздің социалистік ауыл шаруашылығы алдына қойып отырған міндеттерін аброймен орындау жолындағы социалистік шарықтары өрістете түсуге жігерлендіріп отырды.

Облысымыздың киноландыру орындары да егіншілерді киномен қамту жөнінде айтарлықтай жұмыстар істеді.

Колхоздар мен совхоздардың егін далаларында қажырлылықпен еңбек етуші егіншілер мен механизаторлардың тұрмыстық қажетін тыңғылықты өтеу мақсатында бірқатар жерлерде етуде орындары егіншілердің күнбе-күнгі тұрмысына қажетті товарларды тікелей бригадаларға алып барып сатуды ұйымдастырды.

Міне, мұның барлығы біздің елде адамға деген қамқорлықтың үздіксіз жасалып отырылатындығын көрсетеді. Егіншілердің, механизаторлардың мәдени-рухани және тұрмыстық қажеттерін тыңғылықты өтеу — шаруашылық міндеттердің дерекзінде, ойдағыдай орындалуына әсер ететіндігі тәжірибеден көрініп келеді. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары, колхоз, совхоз, МТС басшылары егіншілердің мәдени-тұрмыстық қажетін қанағаттандыру мәселесіне әрдайым жете назар аударулары керек.

өздерінің жұмысын саяси-шаруашылық міндеттермен ұштастыра, еңбекшілердің мәдени тілегіне сай жүргізіп отырулары керек. Ал, егін жыйнау кезінде мәдени-бұқаралық жұмыстар бұрынғыдан да өрістелі жүргізілуі тиіс.

Егіншілердің тұрмыстық қажетін тыңғылықты өтеу мәселесіне көбірек көңіл бөлу керек. Бұл үшін ең алдымен дала қостарында сауда-саттық ісін ұйымдастырудың зор маңызы бар. Олай болса, сауда орындары егіншілердің күнбе-күнгі тұрмысына қажетті товарларды бригадаларға жеткізіп сатуды кеңінен ұйымдастырулары қажет.

Социалистік ауыл шаруашылығы еңбекшілері алдында тұрған аса жауапты міндет — егін орағына тыңғылықты дайындалу, егінді дерекзінде жыйнап алу, сөйтіп, астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын толық орындау. СОМП XIX съезінің қарарларымен жігерленген облысымыздың колхозшылары мен МТС, совхоз жұмысшылары бұл аса маңызды міндетті аброймен орындайтындығы өресіз.

Егіншілердің мәдени-тұрмыстық қажетін тыңғылықты өтеп, олардың егін далаларында қажырлы еңбек етулеріне толық мүмкіншілік жасайық.

жүретін кеңалымды шөп машинасымен жұмыс істеуші В. Сенченко жолдас күндіз жұмыс тапсырмасын 110—120 проценттен орындайды.

**С. ӘБІЛМӘЖІНОВ,
Б. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.**

Комсомолецтердің өнімді еңбегі

Сталин атындағы колхоздың (Булаев ауданы) комсомолецтері мал азығын дайындауда белсене еңбек етіп жүр. Комсомолец Н. Теміров жолдас тракторға тіркелген кеңалымды шөп тырнаушында жұмыс істейді. Ол күн сайын 50 гектар орнына 60-70 гектар жердің шөбін жыйнайды. Жемшөп дайындауда Қ. Шахметова жолдас та өнімді еңбегімен көзге түсулі.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

Мал тұқымын асылдандыру — басты міндет

Партияның XIX съезі қоғамдық мал шаруашылығын ауылшаруашылығының табысты, мол өнімді саласына айналдыру міндетін алға қойды. Қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру міндетін ойдағыдай шешу — жеңіл өнеркәсібіміздің шикізатқа, еңбекшілердің азық-түлікке деген қажетін барған сайын мінсіз өтеуге қолайлы жағдай туғызады.

Петропавл госплемрассаднигі партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында көрсетілгендей, қоғамдық мал басын көбейту, оның тұқымын асылдандыру, өнімділігін арттыру жөнінде бірқатар жұмыстар істеуде. Госплемрассаднигінің 9 асы тұқымды ірі қара мал фермасы бар. Ол фермаларда қоғамдық малдың саны көбейіп, өнімділігі молаюмен бірге, оның тұқымы да жылма-жыл асылдандырылып келеді.

Бұл жөнінде жекелеген асыл тұқымды мал фермалары айтарлықтай табыстарға жетуде. Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздағы ірі қара мал фермасында мал басы көбейіп, оның өнімділігі арта түсіп отыр. Мал басын көбейтудің және оның өнімділігін молайтудың басты шарты — малды құнарлы жемшөппен, жайлы қоралармен қамтамасыз ету, малдың күтімін мықтап жақсарту болып табылады. Бұл фермада мал жыл сайын жақсы күтімде болады. Әсіресе, қысты күні мал жемшөппен, қора-жаймен жеткілікті қамтамасыз етіледі. Мысалы, быйыл фермада мал қыстан күйлі шықты. Көзір малдың жазғы күтімі де тыңғылықты ұйымдастырылған. Малдың бүкіл жыл бойына жақсы күтімде болуы, оның дұрыс өсірілуіне, өнімділігінің молаюына қолайлы жағдай туғызуда. Ферманың малында шығын жоқ. Мал басын өсіру, оның өнімділігін арттыру жөніндегі жоспар ойдағыдай орындалуда. Мұнда осы жылғы өткен бес ай ішінде әрбір сауын сыйырдан 706 литрден сүт алынды.

Сүт дайындауда сауыншылар үздік табыстарға жетті. Мысалы, ферманың сауыншысы Е. Шибө жолдас бес ай ішінде қарамағындағы 14 сауын сыйырдың әрқайсысынан 846 литрден сүт алды. Сүт алудың күндіз графигін Б. Шмит және Е. Губер жолдасар сыяқты сауыншылар да мінсіз орындап жүр.

Фермада төл күтімі тыңғылықты ұйымдастырылған. Соның нәтижесінде бұзаулар шығынсыз, күйлі өсірілуде. Бұзау күтуде Е. Энгель жолдас өнімді еңбек етіп жүр. Ол бұзауларды зоотехникалық ережелерге сай күтіп, әрбір бұзаудың тәуліктік салмағын 500—700 граммға дейін арттырады.

Бірақ, бұл айтылғандардан госплемрассаднигінің жұмысында кемшілік жоқ деген ұғым тұмайды. Госплемрассаднигінің қамтуындағы фермалардың бірқатарында мал тұқымын жақсарту, мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру ісі өз дәрежесінде емес. Фермалардың бірқатарында мал басының өсуі баяу, одан өнім де аз алынып жүр. Мұның бір-ақ себебі бар. Ол — фермаларда жемшөптің жылма-жыл аз және сапасыз дайындалуы, оның қыс аяғына жетпей таусылуы, мал қораларының дұрыс жабдықталмауы болып табылады. Бұл жағдай малдың қыстан төмен күймен шығуына, малдың шығынға ұшырауына және одан өнімнің аз алынуына әкеліп соғып отыр. Екінші жағынан, бұл мал тұқымын асылдандыру ісіне де көп нұқсан келтіріп жүр.

Мал тұқымын жақсарту, малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру ісі, әсіресе, госплемрассаднигі қамтытын Петропавл ауданындағы Димитров атындағы колхоздағы фермада қанағаттанғысыз жүргізілуде. Мұнда мал басының өсуі өте баяу. Малдан алынатын өнім де аз болып отыр. Мұның бәріне жемшөптің тапшылығы себеппі болып келеді. Колхозда жемшөп жылма-жыл жеткіліксіз дайындалады. Соның салдарынан мал күйі төмендейді, оның шығынына жол беріледі. Малдан өнім аз алынады, төл дұрыс өсірілмейді.

Бұл колхозда мал азығының берік қорын жасауға быйыл да жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. Жемшөп дайындаудың барысы жаз емес, ол әлі күнге дейін аяқталмай, төзгісіз ұзаққа созылуда. Колхозда шөптанпты ауыспалы егіс жүйесінің меңгерілуі нашар. Мал азығының шөп егу жоспары жыл сайын орындалмайды. Мәселен, үстіміздегі жылы мұнда тамыржемісті шөп егу жоспары небары 20 процент, көпжылдық шөп егу жоспары небары 11,5 процент ғана орындалды. Біржылдық шөп быйыл атымен егілмеді.

Бұл колхоздағы ірі қара мал фермасында мал басын өсірудің және оның өнімділігін арттырудың, әсіресе, сүт дайындаудың жоспары қанағаттанғысыз орындалып келеді. Мұнда малдың жазғы жайылымының өзі дұрыс ұйымдастырылмаған. Сондықтан көзір сауын сыйырлардан сүт мейлінше аз алынууда.

Госплемрассаднигі қамтытын Мамлют ауданындағы «Пробуждение» және «Зарвет Ильича» колхоздарында да жағдай дәл осы сыяқты. Жемшөптің мол қорын жасалмауы, мал күтімінің дұрыс ұйымдастырылмауы себеппі мұндағы фермаларда мал басын өсіру, оның тұқымын асылдандыру, өнімділігін арттыру ісі ойдағыдай жүргізілмей келеді.

Облысымызда мал тұқымын асылдандырып, мал шаруашылығын жедел өркендетуде госплемрассаднигітер шешуші роль атқарады. Оның жұмысының табысты болуы едәуір дәрежеде колхоздарға, оларда жемшөптің мол қорының жасалуына, малдың жақсы күтімде болуына тікелей байланысты. Сондықтан колхоз басшылары қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасап, мал тұқымын жақсартудың, оның санын көбейтіп, өнімділігін арттырудың барлық тиімді шараларын мінсіз жүзеге асыра білуге тиіс.

Ш. ҚАСЫМОВ,

Петропавл госплемрассаднигінің зоотехник-селекционері.

Таңдаулы бригада

Қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің кемінде біржарым жылдық қорын жасау жолында «Красный партизан» колхозының (Преснов ауданы) мүшелері аялбай еңбек етуде. Жемшөп дайындауда № 3 бригаданың мүшелері жақсы нәтижелерге не болып келеді. Мұнда шөп шабуын және оны жыйнап, маялаудың тағайындалған күндіз графигі мінсіз орындалады. Жемшөп дайындаудағы ең күрделі жұмыс — шөпті маяға салу. Осыны жете ескере отырып, бригада коллективі жұмыстың бұл участогін тыңғылықты жүргізуге барлық күш-мүмкіншілікті жұмсауда. Ең алдымен шөп маялауға тәжірибелі колхозшылар бөлінген. Олар шөп маялауда тұрақты жұмыс істейді.

Шөп маялауда колхозшылар Кондраш-

кин, Кузин жолдасар жоғары көрсеткіштерге жетіп жүр. Бұлар сменалық тапсырманы үнемі асыра орындайды. Басқа машыңлар да өнімді жұмыс істейді. Соның нәтижесінде бригадада күн сайын кемінде 130—140 центнер шөп маяға салынады.

Еңбекті дұрыс ұйымдастыру шөп шабу және оны маяға салу жұмыстарын тез және сапалы жүргізуге мүмкіндік берді. Көзір бригада өткен жылғы осы уақыттағыдан 1500 центнер шөпті маяға артық салды. Бұл күндері бригада мүшелері жемшөп дайындау жоспарын артығымен орындауда, сөйтіп, қоғамдық малды жемшөп қорымен жеткілікті қамтамасыз етуге өздерінің күш-мүмкіншіліктерін аямай жұмсауда.

Н. ҚҰСАЙНОВ.

материалдары тиелген екінші бір поезд тұр. Алып кете аласыз ба? — деп сұрады диспетчер Швидкодан.

— Алып кетеміз, — деп жауап қайтарды машинист.

— Біз жеткізуге міндеттіміз. Дұрыс па, жігіттер?, — деді, Михаил Семенович Македон мен Комерчукке.

— Тіркеулі поезддарды біз неге алып жүрмейміз және оған біз неге басшы болмаймыз?, — деді Македон. Оның сөзі әрі жауап беріп, әрі сұрап тұрғанға ұқсады. Ұятқа қалмас үшін бір сағаттай ұйықтап алайық та паровозды жолға әзірлейік.

Ұйықтау қиынырақ болды. Поезды станцияға ойдағыдай жеткізу үшін не істеу керек екенін арқайысы ойлапты. Олар көп кешікпей паровоздың жанына келді.

— Екі есе жүк тиелген поезд жолда тұр, — деді паровозға келе берген аға кондуктор. 20 минуттан кейін жөнелтілуге тиіс. Әзірленіңдер!

— Біз әзірміз, — деді Швидко.

Поездың тормозын байқап, локомотивті екінші рет айналып шығып, Михаил Семенович паровоздың үстіне көтерілді. Ол барлық аспаптарды қарап шықты. Барлық аспаптар жөндеулі екен. Қазандағы су жеткілікті, будын қысымы көтеріңкі, отынның жануы жақсы.

— Жүріп кетейік, — деді аға кондуктор шыға берістегі светофордан жасыл белгіні көргеннен кейін.

* * *

Бұл сапар ойдағыдай аяқталды. Тіркеулі поездды Швидко жолдас басқарған бригада Петропавл станциясына график бойынша дәлме-дәл жеткізді.

П. ОСИПОВ.

Үздік машинистер

Паровоз жөпасының машинистер коллективі бүкілодақтық теміржолшылар күні қарсаңындағы жарыста алған міндеттемелерін ойдағыдай аяқтап, еңбек өнімділігін арттырудың жаңа үлгілерін көрсетуде.

Аға машинистер арасындағы жарыста Кушнаренко жолдас озаттар қатарында келеді. Ол жыл басынан бері еңбек қарқынын кеміткен емес. Ал, таңдаулы машинистің июль және июльдің 20 күні ішіндегі өндірістік көрсеткіші көптеген паровозшылардың көрсеткішінен жоғары болды. Б. Кушнаренко жолдас қосымша су алмастан 16 рет сапарға шықты. Июльдің 25 күні ішінде тасыған жүгінің мөлшері жоспардағыдан артық.

Паровоз колонналарының жарысында Анатолий Платонов жолдас басқарған колонна алда келеді. Платонов жолдасын колоннасы локомотивтің техникалық және орта тәуліктік жүріс жылдамдықтарын үнемі арттырып, халық шаруашылығына керекті жүкті көптеп тасуда. Оның басқаруындағы колонна июль айында айналымға 23 поезд беріп, жолда қосымша су алмастан 13 рет сапарға шықты. Жүк тасудың жоспарын асыра орындап, бірнеше тонна отын үнемдеді.

Машинист Платонов басқарған колонна мүшелері бүкілодақтық теміржолшылар Күні құрметіне июль айының жүк тасу жоспарын асыра орындау үшін күресуде.

М. КӘРІМОВА,



МИНСК. Жұқа шұға комбинатының жұмысшыларына арнап салынған Мясников көшесіндегі 70 пәтерлі жаңа үйдің көрінісі. Суретті түсірген М. Минкович. (СОТА-ның фотохроникасы).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Партия мүшелігіне кандидаттармен жұмыс

СОКП XIX съезі қабылдаған партияның жаңа Уставында партия мүшелігіне өтушілер туралы: «Совет Одағының Коммунистік партиясына партия программасы мен Уставын мойындаушы, оларды жүзеге асыруға белсене көмектесуші, партия ұйымдарының бірінде істеуші және партияның барлық қарарларын орындаушы әрбір еңбекші, Совет Одағының кісі еңбегін қанамайтын азаматы мүше бола алады» делінген.

Мұнымен бірге партия Уставы партия мүшелері мен партия мүшелігіне кандидаттарды өздерінің сапалылығын арттырып, марксизм-ленинизм негіздерін ұрыну жолында жұмыс істеуді, партия алдында шыншыл, адал болуды, төменнен көтерілген сын мен өзара сынды батыл қолдап отыруды талап етеді.

Партияның жаңа Уставы партия ұйымдарын партия мүшелігіне кандидаттарды да коммунизм ісіне шын берілгендік рухында тәрбиелеуді, олардың күнбе-күнгі жұмыстарына практикалық көмек көрсетіп отыруды қатаң талап етеді.

Кандидаттық стаж партияның программасымен, Уставымен, тактикасымен кандидаттың танысуы үшін және оның жеке басының сапасын партия ұйымының байқауын қамтамасыз етуі үшін өте қажет. Кандидаттық стаж партия мүшелігіне өтушілер үшін коммунистік тәрбие беру мектебі болып табылады.

ҚБН Булаев аудандық комитеті партия мүшелігіне кандидаттармен бірқатар жұмыстар жүргізді. Партияның XIX съезі қарарларын басшылыққа ала отырып, аудандық комитет жергілікті партия ұйымдарының алдына партия мүшелігіне өту тілегін білдірген азаматтарға қатаң талаптар қойып, олардың жеке басының сапасын байқау сияқты міндеттерді жүзеге асыруда. Әресе, кандидаттарды партия мүшелігіне әзірлеу ісіне баса көңіл бөлуде.

Ауданның партия ұйымдары партия қатарына алдыңғы қатарлы, өз жұмысында жақсы нәтижелерге ие болған, қоғам жұмысына белсене араласатын адамдарды іріктеп алатын болды. Алты айдың ішінде бастауын партия ұйымдары СОКП мүшелігіне 48, СОКП мүшелігіне кандидаттыққа 25 адам қабылдады. Бұлардың көпшілігі өздерінің партия алдындағы жауапкершілігін сезіп, кәсіпорындарында және ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін еселеп арттыруда. Сонымен қатар олар жұмысшылар мен колхозшылар арасында үгіт-көпшілік жұмыстарын

Двоглазов және басқа жолдастар марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын оқып, өздерінің идеялық-саяси білімдерін көтеруде. Сонымен бірге партия ұйымы жұмысына белсене араласып, партияда жоқ адамдарды еңбек өнімділігін арттыруға көңінен жұмылдырып келеді.

Аудандық комитет XIX съезд қарарларын басшылыққа ала отырып, январь айында партия мүшелігіне кандидаттармен семинар өткізді. Онда партияның XIX съезінің материалдары мен И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегінен лекциялар оқылып, баяндамалар жасалды. Семинарға партия ұйымының секретарьлары да қатысты.

Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары өздерінің күнбе-күнгі жұмыстарында партия жыйналыстарын уақытылы өткізуге, партия мүшелігіне кандидаттарға партиялық тапсырма беріп, оның орындалуын бақылап отыруға баса көңіл бөліп отырды. Бұл жұмыстардың кейбір партия ұйымдарында қанағаттанғысыз екенін ескеріп, аудандық партия комитеті өзінің бюро мәжілісінде Чистов, Қарағанды астық совхоздары мен Ленин атындағы колхоздың және Ішкі істер министрлігінің аудандық бөлімі мекемесіндегі партия ұйымдарының «партия мүшелігіне кандидаттармен жұмыс жөнінде» есебін тыңдады.

Қазақстан ҚП аудандық комитеті бюро мәжілісінің қаулысын жүзеге асыру үшін Ленин атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымына бір айға өзінің нұсқаушысы Баймашов жолдасты жіберді. Нұсқаушының көмегімен бюронның қаулысы партия жыйналысында талқыланды. Партия Уставын үйрену үшін осы колхозда қосымша үйірме ұйымдастырылды. Партия мүшелігіне өтушілерді әзірлеу жұмысы да біраз жақсарды. Партияның ішкі жұмысының дұрыс жолға қойылуы нәтижесінде партия мүшелігіне өз жұмысына таянды, партия алдында шыншыл, адал, жеке басының сапасы жақсы кандидаттар іріктеліп алынды.

Соңғы уақытта Ленин атындағы колхоз бастауыш партия ұйымының жас коммунистермен жұмыс жүргізудегі тәжірибесі ауданның барлық партия ұйымдарына жіберілді. Сол сияқты Ұзынкөл, Чистов совхоздары мен Карл Маркс атындағы, Калинин атындағы және басқа партия ұйымдарының жас коммунистермен жұмысы елеулі жақсарды.

Алайда, бірқатар бастауыш партия ұйымдарында істің жайы бұлай болмай отыр. Жекелеген партия ұйымдары партия мүшелігіне азаматтардың жеке басының сапасын байқап, іріктеп алу принципін бұзып, кім арыз берсе, оның қолынан іс келетініне, саяси сапасына қарамай ала берген.

Возвышен астық совхозының партия ұйымы партия қатарына тек қызметкерлерді ғана алып, жұмысшылардан бірде-бір адам алмаған. Бір жылдың ішінде партия мүшелігіне кандидаттыққа алынған 6 адамның бәрі де совхоз қызметкерлері. Ал, совхозда алдыңғы қатарлы комбайншылар мен тракторшылар және еңбек озаттары көптеп саналады. Партия ұйымы дайындығы жеткіліксіз, тіпті партия Уставын білмейтін Рафиатуллина, Баймұқанбетов жолдастарды да партия мүшелігіне кандидат етіп алған. Сол сияқты, Зорослое станциясының партия ұйымы іскерлігі мен саяси сапасына қарамай, Прудниковты партия мүшелігіне кандидат етіп алды. Аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі бұл мәселені мұқият тексеріп, Прудниковты партия мүшелігіне кандидат етіп алу жөніндегі бастауыш партия ұйымының қаулысын бекітпеді.

Булаев станциясының партия ұйымы (секретары Куренный жолдас) жас коммунистермен тәрбие жұмыстарын аз жүргізеді. Олардың күнбе-күнгі жұмысына практикалық көмек көрсетіп отырмайды. Партия мүшелігіне кандидатты қабылдағаннан кейін олармен жұмыс жүргізуді ұмыттып кетеді.

Қарағанды, Возвышен астық совхоздары мен «Победа» колхозында үгіт-көпшілік жұмыстарына белсене араласатын, жұмысты жақсы істейтін кандидаттар бар. Партия ұйымының ешқандай жұмыс жүргізбеуі салдарынан олардың кандидаттық мерзімі өтіп кетіп, партия мүшелігіне әлі күнге дейін өте алмай жүр.

Бұл күндері аудандық партия комитеті өткен жылы кездескен көпшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, партия мүшелігіне кандидаттармен жұмысты жақсартуға түсуде. Партия ұйымдары партия мүшелігіне және партия мүшелігіне кандидаттыққа өтушілердің СОКП XIX съезінің материалдары мен И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін оқып, меңгеруіне, олардың партия алдында шыншыл, адал болып, партия ұйымы берген тапсырмаларды деркезінде орындауын

Көркемөнершілердің дарындылығын байқау



СУРЕТТЕ: Преснов ауданы, Молотов атындағы колхоздың көркемөнер дарындыларының облыстық байқауына қатысқан хоры.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Балалардың, оқушылардың, еңбек резервтері мектептерінің кәсіпшілік кооперацияларының және басқа да өнеркәсіп орындарының көркемөнер коллективтерін қоспағанда, көзір біздің облысымыздың аудандық Мәдениет үйлерінде, ауыл-село клубтары мен оқу үйлерінде 689 көркемөнер үйірмесі ұйымдастырылды. Олардың жұмысына 9 мыңнан астам адам қатысты.

Июльдің 15-нен 20-на дейін өткізілген село көркемөнершілерінің облыстық байқауына 450 адам қатысты. Аудандардан облыстық байқауға 11 хор, 6 драма, 6 би коллективі, 89 жеке ән салушы, 36 көркемөнер оқушы, 20 биші және 17 музыкалық шығармаларды орындаушы қатысты. Байқауға қатысушылардың саны қаншама көп болса, олардың көпшілігінің көркемөнер дарындылығының сапасы да сондай жақсы.

СОКП Орталық Комитеті 1946 жылғы идеологиялық мәселелер туралы қаулысында советтік искусствоны өркендетудің ұлы жолдарын белгілеп берді. Орталық Комитеттің бұл қаулысы көркемөнер үйірмелерінің жұмысын, ең алдымен — репертуарды жақсартуда аса зор роль атқарды. Көзіргі заманғы және классикалық әдебиеттің, драматургияның және музыканың таңдаулы шығармалары көркемөнер коллективтері мен жеке орындаушылардың репертуарынан берік орын алды.

орыстың халық әндері, совет композиторларының әндері, халық билері, совет ақындарының өлеңдері шеберлікпен пайдаланылған. Монтаж Дробышевтың өзі жазған «Біз ән салдық, биледік» деген әнді орындаумен аяқталады.

Преснов ауданындағы Молотов атындағы колхоздың үстіміздегі жылы ұйымдастырылған хоры басқалардан ерекше көзге түсті. Бұл хор Макаровтың «Отанды сақта» деген әнін, орыс халық әні «Ростов қаласы маңында», «Дөң астындағы құдық жанында» сияқты тағы бірнеше әндерді жақсы орындағаны үшін бірінші орын және бірінші сыйлық алды.

Село жастарының облыстық байқауына қатысушылар ішінде әртүрлі мамандықтың, әртүрлі жастағы және әр ұлттың адамдары болуы сүйсінерлік іс. Мұнда орыстар да, қазақтар да, украиндар да, жас өспірім де, алпыс жастағы кериялар да, қатардағы колхозшы, малшы, шофер, сауыншы, агроном, оқытушы, бухгалтер, токарлар мен комбайншы да бар.

Мәселен, 60 жастағы қарт колхозшы, Соқолов ауданының омарташысы Я. А. Старыгин музыка аспабымен орыс және украин халық күйлерін орындады. Октябрь ауданындағы «Щит» колхозының сауыншысы әнші М. В. Лысенко, Приешов ауданының комбайншысы Терехова және басқалары орыс классиктерінің әндері мен орыстың халық ән-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 26 июль. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін корей Халық армиясы мен қытай халық еріктілерінің құрамалары 1 июльден 18 июльге дейін майданның жекелеген участоктерінде және Батыс жағалаудағы аралдарда лисынманшыл әскерлердің үздіксіз атакаларын тойтаруда болды деп хабарлады.

27 ИЮЛЬ — КОРЕЯДАҒЫ УАҚЫТША БІТІМ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЯТЫН КҮН

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясының мазмұнамасы

ПЕКИН, 26 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан мынаны хабарлады:

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясы бүгін төмендегі мазмұндаманы жариялады:

Уақытша бітім туралы келіссөздердегі екі жақ Кореядағы уақытша бітім туралы толық келісімге жетті. Екі жақ келісімге өуелі Паньмыньчжоньде корей уақыты бойынша 27 июль күні таңертеңгі сағат 10-да корей-қытай делегациясының басшысы генерал Нам Ир және екінші жақ делегациясының басшысы генерал Дейтенант Уильям К. Гаррисон қол қояды деп ұйғарысты. Содан кейін келісім бір жағынан Корей Халық армиясының Бас қолбасшысы маршал Ким Ир Сенге және қытай халық еріктілерінің қолбасшысы Пын Дэ-хуэйге, екінші жағынан Біріккен Ұлттар әскерлерінің бас қолбасшысы генерал Марк У. Кларкке қол қоюға жіберілетін болады.

Екі жақ делегациясы басшыларының келісімге қол қойған уақыты уақытша бітім туралы келісімге ресми түрде қол қоюдың уақыты болады деп шешті екі жақ.

Соғысты тоқтату жөніндегі барлық шарттар және уақытша / бітім туралы келісімнің басқа шарттары, сол сияқты, екі жақ келіскен ұсыныстар мен түзетулер келісімге / ресми түрде қол қойғаннан кейін 12 сағаттан соң, атап айтқанда корей уақыты бойынша 27 июль күні таңертеңгі сағат 10-да күшіне кіреді.

КОРЕЯДАҒЫ БІТІМ

Бітім туралы келісімге қол қою

ПЕКИН, 27 июль. (СОТА). Пекин радиосы бүгін таңертең Паньмыньчжоньде Кореядағы бітім туралы келісімге қол қойылды деп хабарлады.

Келісімге біржағынан Корей Халық армиясы мен қытай халық еріктілері делегациясының басшысы генерал Нам

«Страна советов» колхозы партия ұйымынан партия мүшелігіне алынғач Дубровный жолдас партиялық тапсырмаларды деркесінде, көңіл қоя орындап, арнаулы қоғам жұмыстарын атқарады. Көзір Дубровный жолдас бастауыш партия ұйымы секретарының орықбасары болып сайланды. Сол сыяқты, Ленин атындағы колхоздың колхозшысы Укашиев, Совет астық совхозының жұмысшысы

тарында жиі шығып сөйлеп, орын алған кемшіліктердің бетін ашуға, партия жыйындарының қаулысын іс жүзіне асыруға көмектесетін болды. Қай жерде жас коммунистермен тәрбиелік жұмыс идеялық жоғары дәрежеде жүргізілсе, сол ұйымдағы партия мүшелігіне кандидаттар СОКП Уставы қойған талаптарды мұлтқиесіз орындап, алдыңғы қатарлы еңбек озаттары болатынын тәжірибе көрсетті.

Көрнекті үгіт

Коммунистік партия еңбекшілер арасында үгіт-көпшілік жұмыстарын жақсартуға берісіне ерекше мән беріп отыр. Сондықтан бұл жұмысты алға қойып отырған талаптарға сай жүргізу — колхоз партия ұйымдарының бүгінгі таңдағы негізгі міндеті болып табылады.

Колхозшылар арасында идеялық жоғары дәрежеде жүргізілген үгіт-көпшілік жұмыстарының колхоздың шаруашылық міндеттерін деркесінде орындауға көп әсерін тигізетіні, колхозшылар бұқарасын өнімді еңбекке жұмылдыратыны, олардың патриоттық ынта-жігерін арттыратыны мәлім. Біздің партия ұйымы бұл жұмыстың маңызын осы тұрғыдан қарап, оны өрістете беруге керекті жағдайлар жасауда.

Бастауыш партия ұйымы пішеншілер арасындағы үгіт-көпшілік жұмыстарын бұрынғыдан да жақсарту түсті. Көктемгі өгіс кезінде егішшілер арасында жұмыс істеген үгітшілердің құрамы толық сақталып келеді. Үгітшілердің құрамы қолынан іс келетін, тәжірибесі мол коммунистер мен комсомолецтерден және партияда жоқ адамдардан жаңадан толықтырылды.

Үгітшілер тобы партия ұйымының жасаған арнаулы жоспары бойынша жұмыс істейді. Онда әр үгітшінің қандай тақырыпта, қай уақытта, кімдермен әңгіме өткізуі, не баяндама жасауы толық көрсетілген. Бұл күндері үгітшілер пішеншілер арасында СОКП XIX съезінің материалдары мен И. В. Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзінен, халықаралық жағдай туралы және СОКП Орталық Комитеті Пленумының Берияның қылмысты әрекеттерін жою жөніндегі деркесінде және бағыл қолданған шаралары бойынша әңгімелер өткізіп, баяндамалар жасауда.

Колхозшылар СОКП Орталық Комитеті Пленумының қолданған шаралары мен СССР Жоғарғы Советінің халық жауы Берияны қызметінен босатып, оның ісін СССР-ның Жоғарғы сотына беру туралы қаулысын қажырлы еңбек үстінде қарсы алды.

Мәдениет қостары мен трактор отряд-

тарындағы және мал фермаларындағы үгіт-көпшілік жұмыстары колхоз алдында тұрған шаруашылық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталып жүргізіледі. Колхоз үгітшілері, коммунистер К. Сералин, Р. Жауқенов, комсомолецтер Ә. Сәралин, З. Мусин және басқа жолдастар үгіт жұмыстарын белсене жүргізу арқылы жақсы көрсеткіштерге жетісуде. Олар мәдениет қостары мен трактор отрядтарында және мал фермаларында жиі болып, онда қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығарып тұрады.

Қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарда еңбек озаттарының тәжірибелері жазылады. Сонымен бірге колхозда әлі де болса өз жұмысына немқұрайды қарайтын, күндік нормаларын орындамайтын жекелеген адамдар жоқ емес, олар қатты сынға алынады.

Үгіт-көпшілік жұмысының әсерлі жүргізілуі нәтижесінде колхозшылардағы еңбек тәртібі жақсарып, еңбек озаттарының саны күн санап арта түсуде. Көзір 17 адам өздерінің жұмыстарында жақсы көрсеткіштерге жету арқылы стахановшы деген құрметті атаққа ие болды. Шөп шабу мен маялаудың арасында ешқандай алшақтық жоқ. 8 бричкамен мал фермаларына шөп тасылуда. Колхоз шөп шабу жоспарының жартысынан көбі орындалды. Сол сыяқты егін орағына да әзірлік жұмыстары ойдағыдай жүргізіліп жатыр. Жәңделуге тигені 4 лобогрейка, астық тасыйтын 25 бричка, 6 қырман және қоймалар толық жөндеуден өтіп, астық қабылдауға әзір болды.

Колхоздың партия ұйымы СОКП Орталық Комитеті Пленумының Берияның мемлекетке қарсы, партияға қарсы қылмысты әрекеттерін жою жөніндегі қаулысын басшылыққа ала отырып, алдағы күндерде де колхозшылар арасындағы үгіт-көпшілік жұмыстарын жақсартуға берді. Колхозшылар бұқарасын колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беруге жұмылдырады.

Ж. ӘБШЕВ,

Октябрь ауданы, «Қызыл ту» колхозы бастауыш партия ұйымының секретары.

Қазақстан КП Булаев аудандық комитеті партияның XIX съезінің қарарларын басшылыққа ала отырып, партия мүшелігіне кандидаттармен жұмысты жақсарту жөнінде практикалық шаралар белгілеп, оны іс жүзіне асыруға бар күшін салады.

В. ЗАБОЛОЦКИЙ,

КП Булаев аудандық комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімінің меңгерушісі.

Колхоз коммунистері

«Победа» колхозы (Преснов ауданы) бастауыш партия ұйымының есебінде 14 коммунист тұрады. Бұл зор күш. Көзір коммунистердің көпшілігі колхоз шаруашылығының ең жауынгерлік учасктерінде істейді. Демек, олар өндірісте өздері еңбек озаттары болумен бірге, партияда жоқ колхозшыларды да жаңа табыстарға жігерлендіріп отырады.

Коммунистер Бапуев, Воронов жолдастар шөп шөп үю бригадасында звено бастығы болып істейді. Бұлар басқарған звенолар норма бойынша күніне 80 центнерден шөп үюдің орнына, 95—110 центнерден шөп үйіп жүр. Бұл сөз жоқ еңбектің дұрыс ұйымдастырылуының нәтижесі.

Коммунист Королев басқаратын трактор бригадасының тракторшылары пар жұртуда айтарлықтай табысқа ие болған еді. Осы кезде шөп шабу да күндік нормаларын үнемі асыра орындап келеді. Бұл бригаданың тракторлардың күтімі де жақсы.

Бұл колхозда егін жыйнауға әзірлік жұмыстары шөп шабу науқанымен ұштастырыла жүргізіліп отыр. Коммунист Колшажов басқаратын құрылыс бригадасы 5 қырман салды. Бұл қырмандардың әрқайсысына 2 мың центнерден астық сыяды.

Қоғамдық мал саны жыл сайын көбейіп келеді. Өткен жылғы сыйыр малының санынан үстіміздегі жылы 68 сыйырдың артуы бұған толық дәлел болады. Көзір барлық мал қоралары жөндеуден өтті. Жаңадан төл қоралары салынып жатыр.

Коммунистер еңбек ұйымдастыруда зор роль атқарып келеді. Өткен жылдары «Победа» колхозы егін, мал шаруашылығының өнімі, колхоздың жалпы кірісі жағынан алып қарағанда ауданда артта қалып келе жатқан колхоздардың бірі болатын. Коммунистер бұл кемшіліктерге төзе алмады. Олар үгіт-бұқаралық жұмысты күшейтті. Сол арқылы колхозшылардың өндірістік белсенділігін арттырды. Мұның өзі жақсы нәтиже берді. Көзір колхоз ауданда алдыңғы қатарлы колхоздардың бірінен саналады.

А. НАЗАРОВ.

Театр, музыка, хор және би коллективтері өздерінің репертуарларына ең алдымен біздің тамаша шындығымызды баяндайтын көркем шығармаларды, қуатты Отанымызды, еңбекшілердің ұлы көсемдері В. И. Ленин мен И. В. Сталинді, халықтардың мызғымас достығын мақтан ететін, дүние жүзі халықтарын бейбітшілік үшін, жаңа соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы күреске шақырған өлеңдерді, тақпақтарды, пьесаларды енгізді.

Байқауға қатысқан хор және музыка коллективтерінің программаларында Дунаевскийдің, Новиковтың, Туликовтың, Мокроусовтың, Макаровтың, Брусиловскийдің және басқа да совет композиторларының әндері, сол сыяқты, орыстың, украинның, қазақтың халық әндері мен барлық туысқан халықтардың бай халық творчествосының шығармалары ерекше орын алды.

Би коллективтері «Русские хоровады», орыстың «Надриль», «Молдаванеску» деген билерді, украин биі «Гопақты», белорус биі «Лявониханы» және басқаларын табысты орындады.

Облыстық байқауда, әсіресе, Преснов, Октябрь және Ленин аудандарының коллективтері өздерінің көркемөнер ісінде едәуір өскендігін көрсетті. Преснов ауданының коллективі байқауда бірінші орынға ие болып, ауыспалы бөйге алды. Октябрь ауданы екінші орынға, Ленин ауданы үшінші орынға ие болды.

Преснов аудандық мәдениет үйі үйірмесінің көркемдік жағын басқарушысы Василий Дробышев жолдас құрастырған үйірменің коллективі орындаған «Біздің селода көңілді» деген әдеби-музыкалық монтаж өте мөте назар аударарлықтай жақсы шықты. Монтажда

Городки бойынша бірінші орын алды

Городки спортынан қала бойынша командалық бірінші орын алу үшін болған 15 күнге созылған жарыс аяқталды. Оған құрамында 30 таңдаулы городкишісі бар 5 команда қатысты.

Облыс бойынша бірінші орынға ие болу жөнінде футбол жарысы басталды. «Локомотив» стадионында «Локомотив» спорт қоғамының командасы «Авангард» командасымен кездесті. Ойын 4:1 есебі-

Жарияланбаған хаттың дерегі

«Кинемеханиктің ұқыпсыздығы»

Редакцияға түскен осы тақырыптағы тілші хатында Совет ауданының орталығында кино көрсету ісінің нашар екендігі, кинофильмдер сапасыз көрсетілетіндігі, кинемеханиктердің өз жұмысына жауапсыз қарайтындығы айтылған болатын.

Облыстық киноландыру бөлімі редакцияға берген жауабында: тексеріс жүргізгенде тілші хатында көрсетілген

дерін, совет композиторларының әндерін шебер орындады.

Преснов ауданындағы Жданов атындағы колхоздың 50 жастан асқан колхозшысы Т. Қасенов пен Явленка орта мектебінің оқушысы М. Юхно өздері шығарған өлеңдерін орындады.

Облыстық байқау көркемөнерді өркендетуде қол жеткен табыстарды көрсетті, сонымен бірге кейбір елеулі кемшіліктердің бетін ашты.

Булаев, Мамлют аудандары көркемөнер коллективтерінің негізгі кемшілігі сол — олардан байқауға өндірісшілер, колхозшылар өте аз қатыстырылды, бұл коллективтердің мүшелері барлығы дерлік аудан орталығының қызметкерлері.

Байқауға небары бір ғана шекті музыка аспаптарының оркестрі қатыстырылды. Байқауға қатысқан көркемөнер оқушы 36 адамнан тек аз ғана адам өздерінің көркемөнер оқуға шебер екендігін көрсете алды.

Өткізілген село көркемөнершілерінің облыстық байқауы селолық жерлерде көркемөнер искусствосын онан әрі өркендетуде зор алға басқандық болды. Сонымен бірге, бұл байқау аудандық мәдениет үйлерінің, ауыл-село және колхоз клубтары мен оқу үйлерінің жұмысына қоғамдық байқау болды. Олар бұл байқаудан сабақ алып, өздерінің табыстары мен кемшіліктерін де айқын көреді және оларды жою, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту жолына бар күш-жігерлерін аямай жұмсайтын болады.

А. ОВЧИННИКОВ,

Мәдени-ағарту мекемелері және искусство істері жөніндегі бөлімнің бастығы.

Ойынның қорытындысында «Электрик» командасы бірінші орынға, «Динамо» екінші орынға, «Молот» үшінші орынға ие болды.

мен «Локомотив» футболшыларының пайдасына аяқталды.

Облыстың футбол жарысы әлі жүріп жатыр.

тр, екінші жағынан Б.Т. командованнесі делегациясының басшысы генерал-лейтенант Гаррисон қол қойған.

Мұнан кейін радио келісімнің текстін берді.

Келісімге қол қою жергілікті корей уақыты бойынша таңертеңгі сағат 10-да болды.

Келісімге қол қойылғаннан кейін 12 сағаттан соң атыс тоқтатылуға тиіс.

ОҢТУСТІК -АФРИКАН ОДАҒЫНЫҢ ШАХТАСЫНДАҒЫ ӨРТ

ЛОНДОН, 26 июль. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Иоганнесбургтан Иоганнесбургтың шығысына таман екі мильдей жерге орналасқан алтын кендерінің ауданында, Бракпандегі Ван-Дик шахтасында 22 июль күні 4 мың футтай жер астындағы тереңдікте күшті өрт болғандығын хабарлайды. Өрт сөндірушілер үлкен ауданды алып кеткен өртпен күрес жүргізуде көрінеді. Әлірге олар шахтаның бір-ақ бөлегінде ғана өртті сөндіре алған.

АВСТРИЯ КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ЖАБДЫҚТАРЫН БАТЫС ГЕРМАНИЯҒА КӨШІРУ

ВЕНА, 25 июль. (СОТА). «Эстеррейхше фолькштимме» газетінің хабарына қарағанда, Венадағы «Сименс-Гальске-верке» заводының жабдықтауы Батыс Германияға көшірілуде көрінеді. Осыған байланысты заводта өндіріс жұмысы қысқартылуда. Тек қана бірнеше айдың ішінде заводтан 300-ге жуық жұмысшылар мен қызметшілер жұмыстан шығарылған. Соңғы күндерде тағы да 85 жұмысшы жұмыстан шығарылған.

АФИНЫ, 25 июль. (СОТА). 24 июльде парламент комиссиясы бекіткен заң жобасына қарсы наразылық білдіру ретінде ұлттық банк қызметкерлерінің 48 сағаттық ереуілі басталған. Бұл заң банк қызметкерлерін жұмыстан шығару және оларға көмек төлеу ережесін бұзып отыр.

Редактордың орынбасары
Г. НУРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЕГОР БУЛЫЧОВ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ИМПЕРАТОРДЫҢ НАН ПІСІРУШІСІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт

АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.